

**«Қазақстан» РТРК» АҚ-ға қарасты Қазақ радиосының
Қазақстан халқы Ассамблеясының
қолдауымен өтетін
«Менің Елім - Мәңгілік Ел»
атты балалардың республикалық шығармашылық радиобайқауы
ЕРЕЖЕСІ**

1. РАДИОБАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

- 1.1. Қазақстан балаларын отансүйгіштік рухқа баулу;
- 1.2. Жас ұрпақты этносаралық үйлесім мен ұлттар татулығын, халықтар достығын сақтауға үйрету;
- 1.3. Талантты балаларды қолдау және балалар шығармашылығын дамыту;
- 1.4. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға ақпараттық қолдау көрсету;

2. РАДИОБАЙҚАУДЫҢ ШАРТЫ

- 2.1. Байқауға қатысуға ұлтына, Қазақстан аумағындағы тұрғылықты жеріне қарамастан барлық мектеп оқушылары өтініш бере алады. Өтініш қағазында:
 - а) Оқушының аты-жөні,
 - ә) мектебі мен сыныбы,
 - б) тұрғылықты жері (Облыс, аудан, ауыл) көрсетілуі тиіс.
- 2.2. Байқауға қатысушылар проза, поэзия жанрлары бойынша «**Менің елім - Мәңгілік ел**» тақырыбына авторлық материалдарын (эссе немесе өлең) өз ана тілінде немесе мемлекеттік және ресми тілдерде ұсына алады;
- 2.4. Тапсырылатын шығарма көлемі А4 қағазына 14 шрифтпен компьютерде терілген 1 беттен аспауы тиіс және мәтіннің таспаға түсірілген аудионұсқасы болуы шарт (*шығарма эфирден автордың өз дауысымен беріледі*).
- 2.5. Аудиотаспаның форматы МП 3 Аудиотаспа мен шығарманы, өтініш қағазымен қоса мына электрондық жәшіктерге жіберулеріңізге болады: mkaz@kaztrk.kz немесе info_rgy@mail.ru

Егер қатысушының арнайы дыбыс жазу студиясында жазуға мүмкіншілігі болмаса, тыныш, жаңғырмайтын жерде сапалы телефон диктофонына жазып жіберуіне болады. Сонымен қатар, галамтордан немесе қандай да бір автордың шығармасынан көшірілген туынды байқауға алынбайды.

3. РАДИОБАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ БАРЫСЫ

- 3.1. Байқауға қатысушылардың шығармалары 2015 жылдың 22 наурызынан бастап 25 қазанға дейін қабылданады.

3.2. Байқауға алынған шығарма мәтіні мен мазмұнына, көркемдік ерекшеліктеріне, сөйлем құрылысы мен мән-мағынасына қарай іріктеледі (Іріктеу турын Қазақстан халықы Ассамблеясы жүзеге асырады).

3.3. Үздік деп табылған шығармалар Қазақ радиосынан, «Шалқар» радиосынан және Астана радиосы эфирлерінен беріледі. сонымен қатар, «Қазақстан» РТРК Қазақ радиосы www.kazradio.kaztrk.kz мен Қазақстан халықы Асссамблеясы www.assembly.kz веб-сайттарында жарияланады.

3.4. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

Өтініш қабылданатын мекен-жай:

Астана қаласы Д.Қонаев көшесі, 4,

«Қазмедиа орталығы», 4-қабат,

Қазақ радиосы, Телефоны: 8 (7172) 55-32-53

Электронды пошта: mkaz@kaztrk.kz

Веб-сайт: www.kazradio.kaztrk.kz

Жауапты редакторы: А.Сәрсенбекова, Г.Байгереева.

Сондай-ақ, Қазақ радиосының облыстардағы меншікті тілшілер қосыны.